

Негізгі басымдықтары

2026

50трлн ₸

Қор тобы активтерінің 2026 жылдың аяғына қарай болжанған жалпы көлемі

Инвестициялық жобаларды іске асыру

2026 жылы біз Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртуды, Түркістандағы бу-газ қондырғысының құрылысын, сондай-ақ Каспий теңізінің түбімен Транскаспий талшықты-оптикалық желісін тартуды қоса алғанда, инвестициялық жобаларды іске асыруға 5,3 трлн теңге бағыттауды жоспарлап отырмыз. Инвестициялардың көлемі 2025 жыл деңгейінен екі еседен астам жоғары. Бұл жобаларды іске асыру елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, халықтың өмір сапасын арттыруға және Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Цифрландыру

2026 жылы біз цифрлық трансформацияның белсенді фазасына өтеміз. 2030 жылға дейінгі жол картасын іске асыру аясында жасанды интеллект саласындағы 51 жобаны іске қосу жоспарланған. Бір мезгілде «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін және негізгі бизнес-бағыттарды: қаржы, сатып алу, HR, инвестициялар, құқықтық сүйемелдеу, өндірістік қауіпсіздік және әлеуметтік саланы қамтитын бірыңғай корпоративтік SKAI экосистемесі дамитын болады.

Жаңа капитал нарықтарына шығу

Қаржыландыруды тарту бөлігінде біз капитал көздерін әртараптандыруды жалғастырамыз және халықаралық нарықтардағы қатысуымызды кеңейтетін боламыз. 2025 жылы жүргізілген дайындық жұмысы Азия капитал нарықтарына шығу үшін негіз жасады. Панда-бондтарды, Dim Sum облигацияларын шығару, сондай-ақ нарықтық жағдайларда қаржыландыру тарту жоспарлануда.

Әлеуметтік жауапкершілік

Қайырымдылық біздің қызметіміздің маңызды бөлігі болып қала береді. 2026 жылы денсаулық сақтауды, спорт пен мәдениетті қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік бастамаларды іске асыру жоспарлануда.

Астанадағы Балалар оңалту ұлттық орталығына локомоторлық терапияға арналған роботталған кешен, ал Кентаудағы «Дара бала» түзеу орталығына дамуы тежелген және аутистикалық спектр бұзылыстары бар балаларға арналған барокамера берілетін болады.

Бұқаралық спорт саласында хоккей және шаңғы жарысы бойынша II Қысқы Спартакиадасын, 12 спорт түрі бойынша XI Спартакиаданы, сондай-ақ Charity Samruk Marathon қайырымдылық марафонын өткізу жоспарлануда.

Мәдени салада Доссор кентінде кітапхана мен мұражай, сондай-ақ Жаңаөзенде орталық қалалық кітапхана ашылады.